Қысқа мерзімді жоспар

Сабақ жоспары

Сабақ: Менің отбасым	**Мектеп: Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған №1 арнайы мектеп-интернаты**	
Тақырыбы: Қ дыбысын машықтандыру	**Пән:** Есту қабілетін дамыту және дыбыстандыру	
Күні:	**Мұғалімні аты:** Арымбаева С.	
Ортақтақырып	**Менің отбасым**	
Сынып: 7 «А»	**Қатысқандар:**	**Қатыспағандар:**

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	1.2.1.2. Оқудың түрлерін (буындап оқу,жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану 1.2.4.1. Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы, мәндес, көпмағыналы сөздердің мағыналарын ажырату 1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау 1.3.8.1. Қ дыбысын сөздің басында, ортасында, аяғын дадұрыс, анық айтуға дағдылану
Бағалау критерийлері	1. Қ дыбысын тану, ажырату және оны атайды, анықтайды. 2. Сөздердің мағынасына жыратады, хормен, тізбектей, жекелей оқиды. 3. Мәтінді есту, есту-көру арқылы қабылдайды 4.Сызба және сөздермен мәтін құрастырады.
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: Қ дыбысын сөздің басында, ортасында, аяғында дұрыс, айтады
	Оқушылардың басым бөлігі: Тыңдау арқылы мәтінді баяндайды
	Кейбір оқушылар:

	Сурет атаулары бойынша сөйлем құрайды
Тілдікмақсат	2.1Оқу түрлерін қолдану 3.8 Қ дыбысын машықтандыру 1.4.Оқиғаны болжау 1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау
Алдынғы оқу:	Менің отбасым. М дыбысын қою Менің отбасым-суретпен жұмыс

Жоспар

Жоспарланған уақыт есебі	**Жоспарланған жаттығу түрлері**	**ресурстар**
Басы	**Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.** **Қайырлы күн, достым,** **Қайырлы күн болсын.** **Дыбыстандыру сабағы** **Сәттілікке толсын!** **Біздің алар бағамыз,** **Кілең бестік болсын!** Сабағымыз сәтті өтсін деп, жылылық пен бір – бірімізге күліп, көңілді кейіп көрсетейік. Бар зейініміз сабақта болсын.	Қима қағаздар, геометриялық фигуралар
Ортасы	1. «Суретті әңгімеле» әдісі (Айтылым) Отбасына байланысты суреттеріліп, әңгіме құрау.	Оқулық Суреттер

Оқулық. (Тыңдалым)

Ата-апа адал-арам жақсы–жаман

Ата, баба, қария – мағынасы жуық сөздерді,

Қарамақарсы мағыналаы сөздерді табады.

Менің отбасым – алдыңғы оқумен байланыстыра әңгіме құрастырады

1. Оқулықпен жұмыс. **«Тізбектелген оқу» әдісі**

Қ дыбысын дұрыс, анық айту. Қ дыбысының дауыссыз дыбыс екенін айту. Қ,қдыбысының баспа және жазба түрімен таныстыру. Оның сөз басында, ортасында келу үлгілерін көрсету.

Қала қара қалақ қалта

Қолақ орақ онақ тақта

Асық қармақ талқан Қанат

Қасық сылдырмақ тышқан Қуат

Кері байланыс. «Бағдаршам» әдісі.

Дескриптор

1.Буындып оқиды, тұтастай оқиды

2. Сөздердің мағынасын ажыратады

3. Қ дыбысы қай буында кездесетінін анықтайды

Кеспеәріптер

Буындар

Түрлі-түстісигналдар

Қима суреттер

	2 – сурет. Заттардың кімге тиесілі екенін тап: **(Айтылым)** Жұмыс құралдары Ыдыстар **Дескриптор:** 1. Суреттегі заттарды топтарға бөледі, атын атайды. 2. Құрамында қ дыбысы бар сөздерді табады. 3. Құрамында қ дыбысы бар сөздерді буынға бөледі. 4. Қ дыбысының орналасу ретін біледі 5. Осы суреттегі заттардың атауындағы жаңа дыбыстарды табу. Кері байланыс «Бас бармақ» **Сергітусәті**. «Артығын алып таста.» ойыны (Құрамында қ дыбысы жоқ сөзді табады.)	Дәптер, қаламсап	

	 **Дескриптор** 1. Суреттегі заттарды атау. 2. Сөздердің мағынасына жыратады 3. Қ дыбысы қай буында кездесетінін анықтайды. 4. Осы суреттегі заттардың атауындағы жаңа дыбыстарды табу. 5.Әр заттың өмірде қажеттілігіне байланысты сөйлем құрау.	
Соңы	**Кері байланыс** **«Тілек ағашы»** **Жасыл алма – жақсы түсіндім** **Сары алма - әлі де көп үйрену керек** **Қызыл алма - түсінбедім**	 «Тілекағашы» Жасыл, сары, қызыл алма стикерлері